

## Көшелерді қайта атау туралы

Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Қарағайлы кентінің әкімінің 2018 жылғы 3 қыркүйектегі № 06 шешімі. Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 20 қыркүйекте № 4954 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына және Қарағанды облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 7 ақпандағы қорытындысына сәйкес, Қарқаралы ауданы Қарағайлы кентінің әкімі ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Қарқаралы ауданы Қарағайлы кентінің көшелері:

- 1) Юбилейная көшесі Атақоныс көшесіне;
- 2) Автодор көшесі Талды көшесіне;
- 3) Войнская көшесі Өнеркәсіп көшесіне;
- 4) Рудничная көшесі Кенді өлке көшесіне қайта аталсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қарағайлы кентінің әкімі*

*М. Шаханов*